**2021-2022 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды**

**аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 159 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 сәуірде № 27702 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы – 2022 жылғы 25 мамыр;

2) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығы;

3) 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2022 жылғы 27 мамыр – 10 маусым аралығы.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2022 жылғы 28 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2022 жылғы 31 мамыр;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 3 маусым;

4) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 6 маусым;

11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2022 жылғы 27 мамыр;

2) қазақ/орыс/ұйғыр/тәжік/өзбек тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2022 жылғы 30 мамыр;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2022 жылғы 2 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2022 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 10 маусым.

3. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2022 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, сондай-ақ республикалық орта білім беру ұйымдары осы бұйрықтың "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.

5. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8, 10-сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына орта білім беру ұйымдарының 11 (12) сыныптарының білім алушылары үшін, республикалық орта білім беру ұйымдарының 9 (10), 11 (12) сыныптарының білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын 2022 жылғы 21 мамырға дейін жеткізуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

8. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының А. Аймағамбетов*
*Білім және ғылым министрі*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
«АҚТӨБЕ ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«№45 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГУ«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДЕ АКТОБЕ»
КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №45»
ПРИКАЗ

030018, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Ақжар 2, 451 «А» үй
тел/факс: 8 (7132) 25-16-01

030018, Актюбинскаяобласть, город Актобе,
Акжар 2, дом 451 «А»
тел/факс: 8 (7132) 25-16-01

«3» қаңтар 2022ж № 46

**2021-2022 оқу жылындағы**
**қорытынды аттестаттау**
**комиссиясын құру туралы**

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 және өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 509 бұйрығы және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ Ақтөбе облысы білім басқармасының 04.02.2021 жылғы №2 -567 шығыс хаты негізде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы негізде алынған №125 бұйрықтың 75- тармағына сәйкес 2021-2022 оқу жылында қорытынды аттестаттау комиссиясы төмендегідей құрамда бекітілсін:

| | | |
|---|---|---|
| **Комиссия төрағасы** | А.Ешмағамбетова | мектеп директоры |
| **Комиссия төрағасы орынбасары** | А.Оралбаева | мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| **Комиссия мүшелері** | А.Давлетова | Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі |
| | Ш.Нурмағанбетова | Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі |
| | А.Смайлова | Математика пәні мұғалімі |
| | Ш.Каменова | Биология пәнінің мұғалімі |
| | Г.Таласбаева | Ата-аналар комитетінің төрайымы |

2. Мектеп жанынан қалыптастырылған Комиссия келесі іс-шараларды жүзеге асырсын:
1) білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар үшін қорытынды аттестаттау өткізу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
2) емтихандарды, сондай-ақ тестілеуді, эссенің үлгілік тақырыптары, қорытынды аттестаттаудың сұрақтары мен тапсырмалары бойынша сынама емтихандар өткізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
3) қорытынды аттестаттау өткізу уақытына кезекшілер құрамын қалыптастыру және кабинеттерді қажетті техникалық жабдықтармен (тыңдалым үшін магнитофон) қамтамасыз ету;
4) 9 сынып білім алушыларының, оның ішінде негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» алуға үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын қарау және ауызша емтихан жауаптарын тыңдау, тестілеу нәтижелерін тексеру;
5) жазбаша емтихан жұмыстары аяқталғаннан кейін және ауызша емтихан тыңдалғаннан кейін хаттаманың электронды нұсқасын білім бөлімдеріне немесе басқармаларына жолдау;
6) апелляцияға түскен ұсыныстардың негізділігін қарау және шешім қабылдау.
7) 9 сынып білім алушыларының, оның ішінде негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» мелеген білім алушылар тізімі мектеп басшыларының бұйрығымен бекітілсін.
3. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары [illegible] бекітілсін.
4.Осы бұйрықтың орындалуын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Оралбаеваға міндеттеймін.

**Мектеп директоры А.Б. Ешмағамбетова**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
«АҚТӨБЕ ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«№45 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
**БҰЙРЫҚ**

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГУ«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДЕ АКТОБЕ»
КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №45»
**ПРИКАЗ**

030018, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Агмар 2, 451 «А» үй
тел/факс: 8 (7132) 25-16-01

030018, Актюбинская область, город Актобе,
Агмар 2, дом 451 «А»
тел/факс: 8 (7132) 25-16-01

« 3 » сәуір 2022 ж № 47

**2021-2022 оқу жылындағы
мемлекеттік қорытынды аттестаттау
комиссиясын құру туралы**

Білім басқармасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 29.01.2021 жылғы №5-18-2/347-И , «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ Ақтөбе облысы білім басқармасының 04.02.2021 жылғы №2-567 бұйрығы негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021-2022 оқу жылында 9.11 класс оқушыларына мемлекеттік емтихан өткізуде төмендегідей құрамда комиссия бекітілсін:

**Комиссия төрағасы:** А.Ешмағамбетова - мектеп директоры

**Комиссия төрағасы орынбасары:** А.Оралбаева- мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

**Комиссия мүшелері:**

**1.Қазақ тілі пәні бойынша:**
Ермаханова А.Ә – қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
Давлетова А.А – қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
Баймуканова Л.М – гуманитарлық пәндер бірлестік жетекшісі, ағылшын тілі пәні мұғалімі

**2. Математика пәні бойынша:**
Смайлова А.У - математика пәні мұғалімі
Ремаганбетова Г- математика пәні мұғалімі
Длимбетова Ү – математика пәні мұғалімі

**3.Орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша:**
Табулдинова А.М - орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
Нурмаганбетова Ш.Т - орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
Баймуканова Л. М – ағылшын тілі пәні мұғалімі

**4. Қазақстан тарихы және дүние жүзі тарихы пәні бойынша:**
Д.Джолдасбаева – тарих пәні мұғалімі
А.Васильева- тарих пәні мұғалімі
Ә.Ә.Диярова –тарих пәні мұғалімі

**Мектеп директоры А.Ешмагамбетова**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
«АҚТӨБЕ ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«№45 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГУ«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДЕ АКТОБЕ»
КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №45»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**


030018, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
город Актобе,
Ақжар 2, Қ.Мұхамедханов 20
тел/факс: 8 (7132) 74-91-12

030018, Актюбинская область,
Акжар 2, Қ.Мухамедханова 20
тел/факс: 8 (7132) 74-91-12


« 16 » 04 2022 ж. № 102

9, 11 сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттауын өткізу туралы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ – нің шығыс хаты негізінде
Бұйырамын:

1. *Қорытынды аттестаттау 9 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:*
1) Қазақ және орыс тілінде оқытатын мектептер үшін қазақ тілі/ орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе түріндегі жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп оқушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) *2022 жылғы 28 мамыр);*
2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) *(2022 жылғы 31 мамыр);*
3) Қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) *(2022 жылғы 3 маусым)* бойынша өтеді.
4) Таңдау пәні (Физика, химия, биология, география, геометрия, қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 6 маусым.
2. *11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 2022 жылғы 27 мамырдан бастап 10 маусым аралығында бес пән бойынша өткізіледі:*
1) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан *(2022 жылғы 27 мамыр);*
2) Қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе түріндегі жазбаша емтихан *(2022 жылғы 30 мамыр);*
3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан *(2022 жылғы 2 маусым);*
4) Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілінен тестілеу *(2022 жылғы 7 маусым)* бойынша өтеді.
5) Таңдау пәні (Физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі (ағылшын, француз, неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 10 маусым.
3. Қорытынды аттестаттауға МЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 (10), 11 (12) сыныптардың білім алушылары жіберілсін.
4. Қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып 2022 жылғы *11-19 маусым* аралығында өткізілсін.
5. Оқу жылы бойынша үлгерімі нашар және оқу материалдарын меңгеруде қиналатын білім алушылар үшін жеке және топтық сабақтар ұйымдастырылсын. Сонымен қатар, емтиханға дайындық барысында консультациялар өткізілсін.
6. Қорытынды аттестаттауды өткізу жұмыстарын [illegible] ұйымдастыруды қатаң бақылауға алу оқу ісі орынбасары А.Оралбаеваға міндеттелсін.

Мектеп директоры А.[illegible]ганбетова

Бұйрықпен таныстым А.Оралбаева

Бекітемін

Мектеп директоры [illegible]метова А.Қ.

**2021-2022 оқу жылы бойынша 11 сыныптар үшін қорытынды аттестаттау бойынша емтихан кестесі**

| Реті | Пәні | Сыныбы | Уақыты | Пән мұғалімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Алгебра және анализ бастамалары** | 11 | 27 мамыр 9.00 | Ауханова А.Б |
| 2 | **Қазақ тілі** | 11 | 30 мамыр 9.00 | Өмиядинов Ө.Т. |
| 3 | **Қазақстан тарихы** | 11 | 2 маусым 9.00 | Джолдасбаева Д.М. |
| 3 | **Орыс тілі мен әдебиеті** | 11 | 7 маусым 9.00 | Табулдинова А.М. |
| 4 | **Таңдау пәні (География)** | 11 | 10 маусым 9.00 | Ыбыраева А.Н. |

Бекітемін:

Мектеп директоры: [illegible]мбетова А.Қ.

**2021-2022 оқу жылы бойынша 9 сыныптар үшін қорытынды аттестаттау бойынша емтихан кестесі**

| Реті | Пәні | Сыныбы | Уақыты | Пән мұғалімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Қазақ тілі** | 9 а,ә | 28 мамыр<br>9.00 | Әмиадинов Ә.Т.<br>Ермаханова А.Ә. |
| 2 | **Математика** | 9 а,ә | 31 мамыр<br>9.00 | Аханова А.Б.<br>Рсмағанбетова Г.М |
| 3 | **Орыс тілі мен әдебиеті** | 9 а,ә | 3 маусым<br>9.00 | Табулдинова А.М.<br>Нурмаганбетова Ш.Т. |
| 4 | **Таңдау пәні (Қазақстан тарихы)** | 9 а<br>9 ә | 6 маусым<br>9.00<br>9.00 | Джолдасбаева Д.М.<br>Диярова Ә.Ә |